

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 560 "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 139 қаулысы

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 560 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, М. Дулатов көшесі, 68-құрылыс. ";

15-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) облыс аумағында бұқаралық спортты және мүгедектігі бар адамдар арасындағы және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;"

көрсетілген ережеге қосымшада:

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының " Владимир Матвиенко атындағы балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерві мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі."

2. "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген ережеге енгізілген өзгерістердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК